Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледж әдістемелік кеңесі отырысының **ХАТТАМАСЫ №1**

29 тамыз, 2023ж

Қатысқаны: директордың орынбасарлары, кафедра меңгерушілері, әдіскер Ж.Ж.Жонкарбаева мен оқытушылар Ж.М.Сахипова, А.К.Джумагазиева, А.Б.Журекенова, К.У.Жакупова, Б.К.Сапиев, Н.Н.Шагиева, Д.А.Давлеткалиева, В.А.Даулетова, хатшы Б.Б.Құрманғалиева
Қатыспағаны: жоқ

**Күн тәртібінде:**

1. 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік кеңес құрамын жасақтау, бекітуге ұсыну. 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс, әдістемелік кеңес жоспарларын талдап, бекітуге ұсыну. *Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушілері*
2. ТжКБ ұйымдарының академиялық дербестігін ескере отырып, мамандықтар бойынша №130 бұйрық бойынша оқу үрдісіне қажетті нормативтік құжаттармен таныстыру. *Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары*
3. Ашық сабақтар, шеберлік сабақтар кестесін бекіту. *Директордың оқу-ісі жөніндегі, оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасарлары, кафедра меңгерушілері*
4. Жас мамандар мен жаңадан келген мамандарға тәлімгер тағайындау. *Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушілері*
5. Колледж қызметінің тиімділігінің көрсеткіші ретінде педагогтердің біліктілігін арттыру және аттестаттау, тағылымдамдан өтуді ұйымдастыру. *Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушілері*
6. ЖКП мен арнайы пән оқытушыларының біліктілігін арттыру курстары мен тағылымдамаларынан өту, кестесін әзірлеу, бекіту. *Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушілері*
7. 2023-2024 оқу жылының курстық және дипломдық жұмыс тақырыптарын ұсынып, бекіту. Студенттердің ғылыми қоғамының ережесі мен жоспарын бекіту. *Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушілері, студенттердің ғылыми қоғамының жетекшісі*
8. «Lesson Study» бойынша сабақты бақылау тобын жасақтап бекіту, сабақтарды бақылау жоспарын бекіту. *Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, жұмыс тобының мүшелері*

Күн тәртібіндегі мәселелерді кеңес төрайымы Г.С. Нурашева таныстырып өтіп, бірауыздан регламент 5-10 минут деп бекітілді.

**1.Тыңдалды:** Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары Г.С.Нурашева 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыстардың жоспарымен таныстырды. Жаңа оқу жылына арналған әдістемелік жұмыстардың жоспарын кеңес талқылады. Биылғы оқу жылында колледжде 10 кафедра жұмыс істейді.

| № | Кафедра | Кафедра жетекшісі |
|---|---|---|
| 1 | Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы меңгерушісі | А.Т.Койшекенова |
| 2 | Орыс тілі мен орыс әдебиеті кафедрасы меңгерушісі | А.С.Бекбулатова |
| 3 | Ағылшын тілі кафедрасы меңгерушісі | Ш.Е.Мухтарова |
| 4 | Технология кафедрасы меңгерушісі | Н.А.Хамзин |
| 5 | Математика, информатика, физика кафедрасы меңгерушісі | А.Т.Утегенова |
| 6 | Музыка кафедрасы меңгерушісі | Ж.А.Нургалиева |
| 7 | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту кафедрасы меңгерушісі | А.Б.Сарсенгалиева |
| 8 | Дене шынықтыру және спорт кафедрасы меңгерушісі | А.А.Муратбекова |
| 9 | Жаратылыстану және қоғамдық пәндер кафедрасы меңгерушісі | С.К.Бисенова |
| 10 | Педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі | Л.С.Есенова |

Жоспарлауда отырыс тақырыптары, оқыту семинарлары, мұғалімдердің өз білімін жетілдіру жоспары және әдістемелік тақырыптары анықталды. Колледждің ғылыми-әдістемелік жұмысын жақсарту мақсатында колледжішілік бұйрық бойынша әдістемелік кеңес құру, кафедра жетекшілері тағайындалды. Әр кафедраның осы оқу жылына арналған жұмыс жоспарлары, кеңесте таныстырылып, талқыланды.

**2.Тыңдалды:** Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары С.М.Кенжегалиева

Алдыға қойған міндеттерді жүзеге асыру үшін колледжде нормативті-құқықтық құжаттар базасы, нұсқаулар мен қажетті ережелер, колледж кітапханасында керекті құжаттар жинақталған. 2022-2023 оқу жылына арналған колледждің жұмыс оқу жоспары ТжКБ ұйымдарының академиялық дербестігін ескере отырып, мамандықтар бойынша №130 бұйрық бойынша оқу үрдісіне қажетті нормативтік құжаттармен негізінде дайындалып өткізілді. Осы бұйрықпен бекітілген оқу бағдарламалары 2022-2023 оқу жылының колледж басшысымен бекітілген оқу жоспарында колледж компоненті, студент компоненті негізінде үйірме, таңдау пәндері жүргізіледі. Бағдарлама курстары колледж жоспарына сәйкес, студенттердің өтініштері мен талаптары бойынша таңдалынып алынған. Барлық курстардың, тандау және үйірмелердің жұмыс бағдарлама жоспарлары жасалып бекітілді.

**3.Тыңдалды:** Директордың оқу-ісі жөніндегі, оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасарлары, кафедра меңгерушілері ашық сабақтар, шеберлік сабақтар кестесін бекітті.

**4.Тыңдалды:** Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары Г.С.Нурашева 2023-2024 оқу жылында педагогикалық өтілі 3 жылдан кем және жаңадан келген жас мамандарға тәлімгерлер бекітуді ұсынды.

| № | Тәлімгер | Жас маман |
|---|---|---|
| 1 | Каримова Бактиганым Максотовна | Хамза Жандос Жанұзақұлы |
| 2 | Шагиева Нина Николаевна | Абдрахманова Хорлан Жумабайқызы |
| 3 | Кошанова Зауреш Аманкосовна | Бикитеева Кунслу |
| 4 | Есенова Ляззат Сайкомовна | Нурланова Нургуль Бидалыевна |
| 5 | Сарсенгалиева Ажар Батырбаевна | Хамбетова Айгерим Мейрбекқызы |
| 6 | Ескайров Канат Амангелдиевич | Уахит Айкөркем Айбекқызы |
| 7 | Утебаева Айгерим Кенесовна | Тұрарбеков Айбек Бейімбетұлы |
| 8 | Мухтарова Шолпан Еркебаевна | Сатыбалдиева Айымгул Бейбитовна |
| 9 | Дербіс Нұргүл Сағынғалиқызы | Давлетова Әдемі Ерсайыновна |
| 10 | Муратбекова Айгуль Аманжановна | Амангалиев Мади Кобланович |
| 11 | Сырым Абзал Сырым Орынғали | Мейірбек Бердіғалиұлы |
| 12 | Қайбалиев Аяпберген Қадырғалиұлы | Шапанов Аскен Габиденович |
| 13 | Аяпбергенов Думан Русланұлы | Утегалиев Нурлыбек Закариянович |
| 14 | Ғабдолова Бақтылы Қазымқызы | Султангалиев Рустам Сатгалиевич |
| 15 | Даулетбаева Жанаргуль Кабуловна | Сапахова Гулбаршин Мутигуллиновна |

**5.Тыңдалды:** Колледж қызметінің тиімділігінің көрсеткіші ретінде педагогтердің біліктілігін арттыру және аттестаттау, тағылымдамдан өтуді ұйымдастыру. *Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушілері*

**Нурашева Г.С.**Педагогтардың үздіксіз кәсіби біліктілігін жоғарылату нәтижелілігінің көрсеткіштері кәсіби өсуі, тәжірибелерін жалпылаудың әртүрлі формада педагогтардың белсенді қатысуы болып келеді. Колледждің әдістемелік қызметінің негізгі бір мақсаты - педагог мамандардың біліктілігін арттыру жұмыстарын жүйелі түрде, үзбей, жыл бойы жүргізу. Ұстаздардың кәсіби деңгейінің өсуі курстық дайындықтан өткізу, жаңа бағдарлама бойынша барлық мұғалімдерді курстарға жіберу, семинарлар мен мастер-кластар өткізу, сабақтарға қатысып, талдау жүргізу, т. б. жұмыстарды ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

Жыл бойы ұйымдастырылған біліктілікті арттыру курстарына жүйелі түрде,уақытында жіберіліп курстық дайындықтан өтіп отырады. Осы оқу

жылында жыл басынан бері барлық оқытушылар курстық даярлықтан өтті, әлі де жыл аяғына дейін жалғасын таппақ. «TALAP» коммерциялық емес акционерлік қоғамы ұйымдастырған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту тақырыбындағы курсты былтырғы оқу жылында 70 оқытушы оқыған болса, биылғы оқу жылында келген жас мамандар мен қалған оқытушылар оқымақшы. Сондай–ақ «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығы ұйымдастырған пән бойынша біліктілікті арттыру курстарынан пән мұғалімдері және де әкімшілік мүшелерінен директордың орынбасарлары, әдіскерлер 2 апталық курсты оқыды. Аттестация–педагогикалық біліктіліктің бір бөлігі. Ол мұғалімдердің шеберлігін шыңдап, шығармашылық белсенділігін арттырып, педагогикалық еңбектің жиынтығын көрсетеді. 2022-2023 оқу жылында аттестациядан өту мақсатымен 25 оқытушы өтініш білдірді. Олар: педагог модераторға-14, педагог сарапшы-4, педагог зерттеуші-3, біліктілік санаттары бір сатыға төмен түскен-3 және өтпей қалған -1.

Колеждегі ұстаздардың кәсіби деңгейін жылдан–жылға көтеру мақсатында «Озық педагогикалық тәжірибе мектебін» құрыпы жетекшісін тағайындау керек. Әдістемелік жұмыстың бір бағыты озық іс-тәжірибені тарату, үйрену болып табылады.Сондықтан озық іс-тәжірибені тарату бағытында мұғалімдер өз іс тәжірибелерін баспасөз беттеріне жариялау, семинарлар мен конференцияларға, кәсіптік байқауларға қатысу арқылы республика, облыс көлемінде таратады.

**6.Тыңдалды:** ЖКП мен арнайы пән оқытушыларының біліктілігін арттыру курстары мен тағылымдамаларынан өту, кестесін әзірлеу, бекіту. *Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушілері*

Биылғы оқу жылында оқытушылардың барлығы дерлік «Талап» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінің педагогі: еңбек функцияларын жетілдіру тақырыбында білім жетілдіру курстарынан өтті. Сондай–ақ жекелеген пән мұғалімдері Педагогикалық шеберлік орталығынан екі апталық білім жетілдіру курстарынан өтті.

**7.Тыңдалды:** 2023-2024 оқу жылының курстық және дипломдық жұмыс тақырыптарын ұсынып, бекіту. Студенттердің ғылыми қоғамының ережесі мен жоспарын бекіту. *Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушілері, студенттердің ғылыми қоғамының жетекшісі- Даулетова В.А.*

Әр оқытушы биылғы оқу жылының курстық және дипломдық жұмыс тақырыптарын айөқындап бекіттірді. Студенттермен дайындық жұмыстары жүргізу жалғасын табады.

**А.Т.Койшекенова** Курстық жұмыстың орындалуын тексеруде студенттерге курстық жұмыстарға кеңес ғылыми бағытта жүруін, тақырыпқа

сәйкес мазмұны ғылыми – жүйелі ашылу керектігін, курстық жұмыстың өзектілігі, зерттейтін объектісі, тақырыпқа байланысты зерттеу жұмыстары, нысаны, күтілетін нәтижелері болатынын айтып, курстық жұмыстар алған студенттерге әдістемелік кеңестер уақытында жүргізіліп отыратындығы туралы ескерту жасағанын баяндады.

**Ш.Е.Мухтарова** Курстық жұмыс оқытушыға да, студенттерге де үлкен жауапкершілік жүктейтінін, курстық жұмысты жазу талаптарына сәйкес ғылыми ізденісті, жаңалықты, шығармашылық тұрғыдан көқарасты қажет ететінін айтып, курстық жұмыстар тақырыпқа сәйкес жазылып жатқанын, дайындықтары жаман емес екендігін айтты.

**8.Тыңдалды: З.А.Кошанова** «Lesson Study» бойынша сабақты ақылау тобын жасақтап бекіту, сабақтарды бақылау жоспарын бекіту. *Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, жұмыс тобының мүшелері*

«Lesson Study» бойынша сабақты бақылау әзірге орыс топтарына қана жасақталып отыр. Алдағы уақытта барлық оқытушылардың осы құрамға енгізілуі тиіс.

**Қаулы етті:**

1.2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс, әдістемелік кеңес жоспарлары бекітілсін.

2.ТжКБ ұйымдарының академиялық дербестігін ескере отырып, мамандықтар бойынша №130 бұйрық бойынша оқу үрдісіне қажетті нормативтік құжаттармен таныстырылып, бекітілсін.

3.Ашық сабақтар, шеберлік сабақтар кестесі, жас мамандар мен жаңадан келген мамандарға тәлімгер тағайындалсын

4.Колледж қызметінің тиімділігінің көрсеткіші ретінде педагогтердің біліктілігін арттыру және аттестаттау, тағылымдамдан өтуі ұйымдастырылсын.

5.ЖКП мен арнайы пән оқытушыларының біліктілігін арттыру курстары мен тағылымдамаларынан өту, кестесі бекітілсін.

6.2023-2024 оқу жылының курстық және дипломдық жұмыс тақырыптары мен студенттердің ғылыми қоғамының ережесі мен жоспарын бекітілсін.

7.«Lesson Study» бойынша сабақты бақылау тобын жасақталып, сабақтарды бақылау жоспарын бекітілсін.

Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледж әдістемелік кеңесі отырысының **ХАТТАМАСЫ №2**

03 қараша 2023ж

Қатысқаны: директордың орынбасарлары, кафедра меңгерушілері, әдіскер Ж.Ж.Жонкарбаева мен оқытушылар Ж.М.Сахипова, А.К.Джумагазиева, А.Б.Журекенова, К.У.Жакупова, Б.К.Сапиев, Н.Н.Шагиева, Д.А.Давлеткалиева, В.А.Даулетова, хатшы Б.Б.Құрманғалиева

Қатыспағаны: жоқ

**Күн тәртібінде:**

**1.** №1 әдістемелік кеңес отырысының шешімдерінің орындалуы туралы *Әдістемелік кеңес төрағасы мен мүшелері*

**2.** Жас мамандар мен жаңадан келген мамандардың сабақтарына бақылау жасау, әдістемелік көмек беру барысы туралы. *Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушілері, тәлімгерлер*

3. «Lesson Study» бойынша сабақтарды өткізу, бақылау нәтижесін тыңдау. *Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, топ мүшелері*

4. Жалпы білім беретін пәндер бойынша жүргізілген кіріс бақылаудың мониторингі *Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушісі*

5. Оқытушылар мен студенттердің республикалық, облыстық деңгейдегі конкурстар мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының деңгейі. Жобалық жұмыстардың жағдайы. *Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушілері*

6. Кафедралардағы ОӘК мен оқу-әдістемелік құралдарды жасақтау деңгейі. Облыстық оқу-әдістемелік кабинет жанындағы ОӘБ кеңесіне, республикалық «Білім» бейіні ОӘБ-не бекітуге ұсыну. *Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушілері*

Күн тәртібіндегі мәселелерді кеңес төрайымы Г.С. Нурашева таныстырып өтіп, бірауыздан регламент 5-10 минут деп бекітілді.

**1.Тыңдалды:** №1 әдістемелік кеңес отырысының шешімдерінің орындалуы оң нәтижесін беріп отыр. Әр кафедра меңгерушілері өз кафедрасындағы жас мамандарға жеке-жеке тоқталды. Оларға жыл басынан оқу жоспарларын жасақтау, сабақ жоспарларын дайындау, қоғамдық шараларда студенттерді дайындау туралы көмек берілетіндігі туралы айтылды.

**4.Тыңдалды:** Жалпы білім беретін пәндер бойынша 1 курстарға әкімшілік бақылау жұмысы жүргізілген кіріс бақылаудың мониторингі бойынша бақылау жұмысы өтті. Әр топ бойынша нәтижесі төмендегідей:

| № | Пәні | оқытушы | сапасы |
|---|---|---|---|
| 1 | Математика | Утегенова А.Т. | **Бюджет топтары**<br>Үлгерім – 73%<br>Сапасы – 35%<br>**Ақылы топтар**<br>Үлгерім – 54%<br>Сапасы – 12% |
| 2 | Қазақ тілі<br>Қазақ әдебиеті | Темрешева А.Ж. Койшекенова А.Т. Жумагазиева Б.А.<br>Кураубай А.С. Курмангалиева Б.Б. Каримова Б.М.<br>Хамза Ж.Ж. | **Бюджет топтары**<br>Үлгерім – 100%<br>Сапасы – 69%<br>**Ақылы топтары**<br>Үлгерім – 100%<br>Сапасы – 68% |
| 4 | Орыс тілі және әдебиеті | Абдрахманова Х.Ж. Габбасова Г.С. | |
| 5 | Русский язык | Шагиева Н.Н. | 1асРШО-9<br>Үлгерім – 100%<br>Сапасы – 83%<br>Орташа балл – 78,3 |
| 6 | Русская литература | Молдагалиева А.Б. | 1асРШО-9<br>Үлгерім – 100%<br>Сапасы – 75%<br>Орташа балл – 68,3 |
| 8 | Шетел тілі | Даулеткалиева А.Т. Сагатова Б.Д. Турежанова Г.А. | 1асКДО-9, 1аКШО-9, 1аКШК-9, 1асРШО-9<br>Үлгерім – 100%<br>Сапасы – 85%<br>Орташа балл – 4,1<br>1сКШО-9<br>Үлгерім – 100%<br>Сапасы – 63%<br>Орташа балл – 3,6 |
| 9 | Қазақстан тарихы | Бисенова С.К.<br>Кайрлиева А.Ж. | 1сКШИ-9<br>Үлгерім – 100%<br>Сапасы – 59% |
| 10 | Дүниежүзі тарихы | Дюсенгалиев М.К.<br>Журекенова А.Б. | 1асКШК-9<br>Үлгерім – 100%<br>Сапасы – 100%<br>1сКШИ-9<br>Үлгерім – 100%<br>Сапасы – 82% |
| 11 | Биология | Зайнуллина А.Т. Молдагалиева Ж.Е. Дусалиева А.Р. | Үлгерім – 100%<br>Сапасы – 71% |
| 12 | Физика | Кенжегалиева С.М. Суйнгалиева Г.К. Джумагазиева А.К. | Үлгерім – 100%<br>Сапасы – 55%<br>Орташа балл – 58,3 |
| 13 | Химия | Бижанов А.М. Зайнуллина А.Т. Молдагалиева Ж.Е.<br>Дусалиева А.Р. | Үлгерім – 75%<br>Сапасы – 34% |
| 14 | География | Сапиев Б.К. | Үлгерім – 100%<br>Сапасы – 56% |

**Сөйлегендер: Ж.Е.Молдагалиева** Әр топ бойынша химия пәнінен бақылау жұмыстары алынды. Студенттердің пәнге дегне қызығушылықтары өте төмен. Сондықтан пән бойынша пайыз төмен көрсеткішті көрсетіп отыр. Кейбір студенттермен жеке жұмыс жасалып отыр. Алдағы уақытта білім пайызы көтеріледі деген ойдамыз.

**А.Т.Утегенова** Математика пәнінен де студенттердің көрсеткіш пайызы төмен. Студенттермен үнемі қосымша сабақтар өткізіп, алдағы уақытта білім сапасы көтерілетінін мәлімдеді.

**5.Тыңдалды:** Оқытушылар мен студенттер республикалық, облыстық деңгейдегі конкурстар мен ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысып жатыр дегенмен әлі де аздық етеді. Конкурстарға жас мамандарды жиі қатыстыру керек. Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушылары Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында қазақ тілін оқытудың үздік авторлық әдістемесі облыстық конкурсына қатысып жүлделі бірінші орын алып республикаға жолдама алды. ҚР оқу-ағарту министрлігі республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастырған «Қазақстан-менің жарқын болашағым» жалпыұлттық байқауына, «Мың бала» республикалық зияткерлік орталағы ұйымдастырған «Абай оқулары» конкурсына қатысқан көптеген студенттер қатысып жүлделі орындарға ие болды.

Оқытушыларымыз Маңғыстау облысының білім беру басқармасы білім берудің оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастырған «Заманауи білім беру жүйесі: идеялар, тәжірибелер, ізденістер» тақырыбындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысып «Ең үздік баяндама» номинациясымен марапатталғандар болды.

**6.Тыңдалды: Тыңдалды: Б.Б.Құрманғалиева, А.Ж.Темрешева, А.С.Құраубай**

«Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында мемлекеттік тілде оқымайтын студенттердің тілдік дағдыларын қалыптастыру жолдары» атты тапсырмалар жинағы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының мемлекеттік тілде оқымайтын педагогикалық колледж оқытушылары мен студенттеріне арналып, үлгілік оқу бағдарламаға сәйкес бөлінген 120 сағаттың 1-семестрдегі 6 бөлімі бойынша 32 сағатына қосымша тапсырмалар құрастырылған. Мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтиже, теориялық маңызы, т.б талапқа сай жазылған. Жинақ кіріспе, негізгі бөлім: тілдік дағдыларды қалыптастырудың мақсаты мен міндеттері, тілдік дағдыларды меңгертудің тиімді әдіс-тәсілдері, тәжірибелік тапсырмалар, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жаңа мазмұндағы бағдарлама білім алушылардың сыни және шығармашылық тұрғыда ойлау дәрежесін дамытуға негізделіп отырғандықтан білім беруде, оқыту әдістерінің кез келген түрін белсенді әрекетке айналдыру - мұғалімнің әдістемелік шеберлігі мен шығармашылық ізденісіне байланысты. Мұғалімнің шеберлігін дамытуда қалыптастырушы және

жинақтаушы бағалаудың тапсырмалар жинақтары таптырмас көмекші құрал болады деп ойлаймыз.

**Сөз алғандар: А.Ж.Кайрлиева**

«Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында мемлекеттік тілде оқымайтын студенттердің тілдік дағдыларын қалыптастыру жолдары» атты тапсырмалар жинағында әр тараудың мазмұнына сәйкес жаттығу жұмыстары жинақталған. Мемлекеттік тілде оқымайтын педагогикалық колледж студенттердің ойлау логикаларын дамыту, ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, қазақ тілі пәніне және тіл игеруге деген қызығушылықтарын арттыруға көмектесетін құрал. Қосымша тапсырмалар арқылы білім алушылардың қазақ тілі пәніне деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қосымша материалдар қолдана отырып, студенттердің білім, білік дағдылары тиянақтала түседі. Осы жинақ студенттердің білім сапасын көтеруге өзіндік көмегін тигізеді.

Қорыта айтқанда, әріптестердің «Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында мемлекеттік тілде оқымайтын студенттердің тілдік дағдыларын қалыптастыру жолдары» атты тапсырмалар жинағын қазақ тілі пәнінің мұғалімдері өз сабақтарында әдістемелік құрал ретінде пайдалана алады.

**Директордың оқу- әдістемелік жөніндегі орынбасары Г.С.Нурашева**

Аталған тапсырмалар жинағы мұғалімге қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша қалыптастырушы бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуге көмек құралы ретінде құрастырылған. Жинақ тапсырмалары оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының негізінде дайындалған. Тапсырмалар мұғалімнің ұқсас тапсырмаларды құрастыруына, іріктеуіне, білім алушылардың оқу мақсаттарына жету бойынша кері байланыс беруіне көмектесетін үлгілер болып табылады. Жинақта ұсынылатын сипаттама білім алушылардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін есепке ала отырып, тапсырмаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге, бейімдеуге мүмкіндік береді.

Жинақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне, әдіскерлерге, тіл үйренушілерге арналған.

Жинақты дайындау барысында ресми интернет-сайттарынан алынған қолжетімді ресурстар (суреттер, мәтіндер, бейне-аудиоматериалдар және т.б.) қолданылған. Қараша айында болатын «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында қазақ тілін оқытудың үздік авторлық әдістемесі» байқауына «Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында мемлекеттік тілде оқымайтын студенттердің тілдік дағдыларын қалыптастыру жолдары» атты тапсырмалар жинағымен қатысуға ұсыныс білдіремін.

**«Білім» бейіні бойынша оқу – әдістемелік бірлестігінің орынбасары З.А.Кошанова**

Аталған тапсырмалар жинағы білім беру мазмұнын жаңарту аясында мұғалімдерге көмек құралы ретінде құрастырылған. Бұл мұғалімдердің ұжымдық жұмысының нәтижесі. Тапсырмалар қалыптастырушы бағалауды өткізуге, сабақты жоспарлауға, ұқсас тапсырмаларды құрастыруға және

іріктеп алуға, оқу мақсатына жетуге қатысты сындарлы кері байланыс беруге көмектесетін үлгі болып табылады. Жинақтың ұсынылған сипаты сізге білім алушының қажеттілігі мен мүмкіндігін есепке ала отырып, тапсырмаларға толықтырулар мен өзгерістер енгізуіңізге, бейімдеуіңізге мүмкіндік береді.

**Қаулы етті:**

1. Әдістемелік бірлестік жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын;
2. Тәлімгерлер жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын; Жас мамандар мен жаңадан келген мамандардың сабақтарына бақылау жасау, жұмыстары жалғастырылсын;
3. «Lesson Study» бойынша сабақтарды өткізу, бақылау нәтижесін тыңдау қанағаттанарлық деп бағаланып, жалғасын тапсын;
4. Жалпы білім беретін пәндер бойынша жүргізілген кіріс бақылаудың мониторингі жұмыстары жалғастырылсын;
5. Оқытушылар мен студенттердің республикалық, облыстық деңгейдегі конкурстар мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының материалы интернет сайттарына жіберілсін;
6. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында қазақ тілін оқытудың үздік авторлық әдістемесі» байқауына «Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында мемлекеттік тілде оқымайтын студенттердің тілдік дағдыларын қалыптастыру жолдары» атты тапсырмалар жинағымен қатыстырылсын, оқу құралы бекітіліп, колледж ішінде қолданқа енгізілсін. Тапсырмалар жинағына толықтырулар мен өзгертулер енгізіліп, баспадан шығарылсын.

Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледж әдістемелік кеңесі отырысының **ХАТТАМАСЫ №3**

05 қаңтар 2024ж

Қатысқаны: директордың орынбасарлары, кафедра меңгерушілері, әдіскер Ж.Ж.Жонкарбаева мен оқытушылар Ж.М.Сахипова, А.К.Джумагазиева, А.Б.Журекенова, К.У.Жакупова, Б.К.Сапиев, Н.Н.Шагиева, Д.А.Давлеткалиева, В.А.Даулетова, хатшы Б.Б.Құрманғалиева
Қатыспағаны: жоқ

**Күн тәртібінде:**

1.№2 әдістемелік кеңес отырысының шешімдерінің орындалуы туралы. *Әдістемелік кеңес төрағасы мен мүшелері*

*2.* І жарты жылдық жұмыстың нәтижесі. Оқытушылардың кәсіби өсу мониторингісі. *Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушілері*

*3.* Кредиттік-модульдік оқыту жүйесін енгізу жағдайындағы білім беру процесінің мазмұнындағы, бақылау және оқыту нәтижелерін бағалау құралдарындағы өзгерістер: аралық, қорытынды аттестаттау формалары мен әдістерін бекіту. *Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушілері*

*4.* Жас мамандармен жүргізілген жұмыстардың І жарты жылдағы есебін тыңдау. *Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушілері*

*5.* Worldskills критерийлері кадрларды даярлауды бағалаудың тиімді құралдары ретінде: мәселелер және шешу жолдары. Демонстрациялық емтихан-кәсіби құзыреттілікті анықтау жолы. *Директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушілері*

*6.* Аттестаттаудан өтетін оқытушылардың кәсіби даму деңгейін бақылау. *Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушілері*

**1.Тыңдалды.** ***Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары*** **Есенова Л.С.**№2 әдістемелік кеңес отырысының шешімдерінің орындалуы айтарлықтай оң бағасын берді. Әр кафедра өз жоспарларына сай онкүндіктерін өткізді. Оқытушыларымыз халықаралық, республикалық, облыстық конференция, сайыстарға қатысты. Жүлделі орын алғандар да бар. Сондай-ақ студенттерде жүлделі орындарға ие болды. Оның өзі колледждің деңгейін көтеріп отыр. Соның нәтижесі ретінде колледждер арасында «Үздік колледж-2023» номинациясымен марапатталдық.

**2.Тыңдалды.** Кенжегалиева С.М. Кредиттік-модульдік оқыту жүйесін енгізу жағдайындағы білім беру процесінің мазмұнындағы, бақылау және оқыту нәтижелерін бағалау құралдарындағы өзгерістер: аралық, қорытынды аттестаттау формалары мен әдістерін бекіту туралы айтты. Егер бітіруші түлек

тест жұмысынан нашар баға алатын болса, келесі оқу жылы қайта тапсыратынын мәлімдеп, комиссия төрағасы жұмыс беруші тарапынан болуы керектігін айтты. Емтихандар тестпен өткізіледі, тек мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту кафедрасы ауызша түрде кеңес көрсетілімі бойынша деп шешім қабылдады. Комиссия төрағаларын және мүшелерін жұмыс беруші ретінде практика базасындағы мектептер мен балабақшалардан алуды қарастыру керектігін, төрағасы ретінде мектеп директорының орынбасары қызметінде және мамандығына сәйкес, санаты педагог-сарапшыдан жоғары болу талабы қойылатын болса, мүшелері мұғалімдер ішінен 10 жылдан жоғары еңбек өтілі бар және санаты педагог-сарапшыдан жоғары болу талабы қойылатынын айтып өтті. ДЕМО емтихандар 3сРШО тобында 15 студент, 4аКДО-9 тобында 25 студентке өткізіледі, дайындық жұмыстары ақпан айынан басталатынын ескертті.

| | ***Тобы*** | ***Пәні*** | ***Түрі*** | ***Мерзімі*** | ***Комиссия құрамы*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **1** | 4асКШТ-9 | КМ 04 «Оқу ақпаратын аудару, өз бетінше білім алу мүмкіндігі» модулі бойынша дипломдық жұмыс қорғау | алдын - ала дипломдық жұмыс қорғау | 14.06.2024 сағ. 09.00 | Комиссия төрағасы: 1. Комиссия мүшелері: 2. Мукашев М.С. 3. 4. 5. Жонкарбаева Ж.Ж, Хатшы: Сагатова Б.Д. |
| **2** | 4асКШО-9 | КМ 06 «Оқу ақпаратын модульдеу» модулі бойынша кешенді емтихан | Автоматтанды рылған тестілеу | 17.06.2024 сағ. 09.00 | Комиссия төрағасы: 1. Комиссия мүшелері: 2. Есенов Л.С. 3. 4. Нурбайрова Б.Т. 5. Сахипова Ж.М., Хатшы: Жолдасова Г.А. |
| **3** | 4аКДО-9 | КМ 5 «Білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне қатыстыру» модулі бойынша кешенді емтихан | Ауызша емтихан | 17.06.2024 сағ. 09.00 | Комиссия төрағасы: 1. Абилова А.А. Комиссия мүшелері: 2. Кайрлиева А.Ж. 3. Хамидулина Ж.К. 4. Тулепова Г.Е. 5. Сарсенгалиева А.Б. Хатшы: Тулеушева К.Б. |
| **4** | 4аКШИ-9 | КМ 01 «Оқу ақпаратын модульдеу» модулі бойынша кешенді емтихан | Ауызша емтихан | 17.06.2024 сағ. 09.00 | Комиссия төрағасы: 1. Комиссия мүшелері: 2. Кенжегалиева С.М. 3.Габдрахманова А.Қ. 4. Ғабдулкалиева Ж.Ғ. 5. Мухтарова Ш.Е. Хатшы: Давлеткалиева Д.А. |
| **5** | 3пКШК-11 | КМ 03 «Оқу ақпаратын тарату» модулі бойынша кешенді емтихан | Ауызша емтихан | 17.06.2024 сағ. 09.00 | Төрағасы: Комиссия мүшелері: 2.Мукашев М.С. 3. Нұрғали Г.Е. 4.Сенгалиева А.М . 5. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Жакупова К.У. Хатшы: Койшекенова А.Т. |
| **6** | 4аРШО-9 | ПМ 06. «Модулирование учебной информации» модулі бойынша кешенді емтихан | Автоматтанды рылған тестілеу | 18.06.2024 сағ. 09.00 | Комиссия төрағасы: 1. Комиссия мүшелері: 2. Кошанова З.А. 3. 4. 5. Сахипова Ж.М. Хатшы: Нургалиева Ж.А. |
| **7** | 4аКШФ-9 | КМ 04 «Педагогикалық үрдісті әдістемелік қамту жұмысын жүргізу» модулі бойынша кешенді емтихан | Автоматтанды рылған тестілеу | 18.06.2024 сағ. 09.00 | Комиссия төрағасы: 1. Комиссия мүшелері: 2. Мукашев М.С. 3. 4. 5. Даулетова В.А, Хатшы: Сырым А.С. |
| **8** | 4сКДО-9 | КМ 04 «Оқу ақпаратын тарату, өздігінен білім іздеуге үйрету»» модулі бойынша кешенді емтихан | Ауызша емтихан | 18.06.2024 сағ. 09.00 | Комиссия төрағасы: 1. Абилова А.А. Комиссия мүшелері: 2. Кайрлиева А.Ж. 3. Хамидулина Ж.К. 4. Тулепова Г.Е. 5. Сарсенгалиева А.Б. Хатшы: Бексариева Ж.С. |
| **9** | 4сКШИ-9 | КМ 01 «Оқу ақпаратын модульдеу» модулі бойынша кешенді емтихан | Ауызша емтихан | 18.06.2024 сағ. 09.00 | Комиссия төрағасы: 1. Комиссия мүшелері: 2. Кенжегалиева С.М. 3.Габдрахманова А.Қ. 4. Ғабдулкалиева Ж.Ғ. 5. Мухтарова Ш.Е. Хатшы: Кабиева А.Т. |
| **10** | 3аКШО-11 | КМ 01 "Оқушылардың оқу іс-әрекетінің моделін құру" модулі бойынша кешенді емтихан | Автоматтанды рылған тестілеу | 19.06.2024 сағ. 09.00 | Төрағасы: Комиссия мүшелері: 2. Есенова Л.С. 3. 4. Нурбайрова Б.Т. 5. Даулетова В.А. Хатшы: Ғалымова Р.М. |
| **11** | 4аРДО-9 | ПМ 04 "Транслирование учебной информации, обучение самостоятельному добыванию знаний» модулі бойынша кешенді емтихан | Устный экзамен | 19.06.2024 сағ. 09.00 | Комиссия төрағасы: 1. Абилова А.А. Комиссия мүшелері: 2. Кайрлиева А.Ж. 3. Хамидулина Ж.К. 4. Тулепова Г.Е. 5. Сарсенгалиева А.Б. Хатшы: Хамбетова А.М. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **12** | 4сКШФ-9 | КМ 02 «Спорттық қызмет түрлерін және оларды өткізу әдістемелерін үйрену» | Ауызша емтихан | 19.06.2024 сағ. 09.00 | Комиссия төрағасы: 1. Орынбасаров Д.И. Комиссия мүшелері: 2. Мукашев М.С. 3. Куанаев Д.С. 4. Косимов А.К. 5. Муратбекова А.А, Хатшы: Такенова Р.С. |
| **13** | 4сРШИ-9 | ПМ 03 "Методическое обеспечение образовательного процесса" модулі бойынша кешенді емтихан | Автоматизированное тестирование | 19.06.2024 сағ. 09.00 | Комиссия төрағасы: 1. Комиссия мүшелері: 2. Кошанова З.А. 3. 4. Кубаева Ж.Ж. 5. Сахипова Ж.М. Хатшы: Дусалиева А.Р. |
| **14** | 4асКШТ-9 | КМ 07 «Білім беру үрдісінің әдістемелік қамтамасыз етілуін жүзеге асыру» модулі бойынша кешенді емтихан | Автоматтандырылған тестілеу | 20.06.2023 сағ. 09.00 | Комиссия төрағасы: 1. Комиссия мүшелері: 2. Мукашев М.С. 3. 4. 5. Сахипова Ж.М., Хатшы: Сагатова Б.Д. |
| **15** | 3пКШФ-11 | КМ 02 «Спорттық қызмет түрлерін және оларды өткізу әдістемелерін үйрену» | Ауызша емтихан | 20.06.2024 сағ. 09.00 | Комиссия төрағасы: 1. Орынбасаров Д.И. Комиссия мүшелері: 2. Кенжегалиева С.М.3. Куанаев Д.С. 4. Косимов А.К. 5. Муратбекова А.А, Хатшы: Нурмуханов М.Ж. |
| **16** | 4асКШР-9 | ПМ 01 «Модулирование учебной информации» модулі бойынша кешенді емтихан | Устный экзамен | 20.06.2024 сағ. 09.00 | Төрағасы: Комиссия мүшелері: 2. Кошанова З.А. 3.Сарсенгалиева Г.К. 4. Исмагулова Р.Е. 5. Бекбулатова А.С. Хатшы: Абдрахманова Х.Ж. |
| **17** | 3апКШИ-11 | КМ 01 «Білім алушылардың оқу қызметінің моделін құру» модулі бойынша кешенді емтихан | Автоматтандырылған тестілеу | 20.06.2024 сағ. 11.00 | Комиссия төрағасы: 1. Комиссия мүшелері: 2. Кенжегалиева С.М. 3. 4. Кубаева Ж.Ж. 5. Сахипова Ж.М.Даулетова В.А. Хатшы: Жайманова Л.А. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **18** | 3пКШО-11 | КМ 01 "Оқушылардың оқу іс-әрекетінің моделін құру" модулі бойынша кешенді емтихан | Автоматтандырылған тестілеу | 21.06.2024 сағ. 09.00 | Төрағасы: Комиссия мүшелері: 2. Есенова Л.С. 3. 4. Нурбайрова Б.Т. 5. Даулетова В.А. Хатшы: Құраубай А.С. |
| **19** | 4асКШО-9 | КМ 08. Білім үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету» модулі бойынша кешенді емтихан | Ауызша емтихан | 24.06.2024 сағ. 09.00 | Комиссия төрағасы: 1. Комиссия мүшелері: 2. Есенов Л.С. 3. Хайрушева Б.А. 4. Нурбайрова Б.Т. 5. Сапахова Г.М., Хатшы: Жолдасова Г.А. |
| **20** | 4аКДО-9 | КМ 04 «Оқу ақпаратын тарату, өздігінен білім іздеуге үйрету»» модулі бойынша кешенді емтихан | Ауызша емтихан | 24.06.2024 сағ. 09.00 | Комиссия төрағасы: 1. Абилова А.А. Комиссия мүшелері: 2. Кайрлиева А.Ж. 3. Хамидулина Ж.К. 4. Тулепова Г.Е. 5. Сарсенгалиева А.Б. Хатшы: Тулеушева К.Б. |
| **21** | 4аКШИ-9 | КМ 03 «Білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету» модулі бойынша кешенді емтихан | Автоматтандырылған тестілеу | 24.06.2024 сағ. 09.00 | Комиссия төрағасы: 1. Комиссия мүшелері: 2. Кенжегалиева С.М. 3. 4. Кубаева Ж.Ж. 5. Сахипова Ж.М. Хатшы: Давлеткалиева Д.А. |
| **22** | 3пКШК-11 | КМ 01 «Оқушылардың оқу қызметін моделін құру» модулі бойынша кешенді емтихан | Автоматтандырылған тестілеу | 24.06.2024 сағ. 11.00 | Төрағасы: Комиссия мүшелері: 2.Кенжегалиева С.М. 3. 4. . 5. Сахипова Ж.М. Хатшы: Койшекенова А.Т. |
| **23** | 4аРШО-9 | КМ 08. «Методическое обеспечение образовательного процесса» модулі бойынша кешенді емтихан | Ауызша емтихан | 25.06.2024 сағ. 09.00 | Комиссия төрағасы: 1. Комиссия мүшелері: 2. Кошанова З.А. 3. Жаксыгулова А.Т. 4. Сундетова И.С. 5. Бекбулатова А.С. Хатшы: Нургалиева Ж.А. |
| **24** | 4аКШФ-9 | КМ 02 «Спорттық қызмет түрлерін және оларды өткізу әдістемелерін үйрену» | Ауызша емтихан | 25.06.2024 сағ. 09.00 | Комиссия төрағасы: 1. Орынбасаров Д.И. Комиссия мүшелері: 2. Мукашев М.С. 3. Куанаев Д.С. 4. Косимов А.К. 5. Муратбекова А.А, Хатшы: Сырым А.С. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **25** | 4сКДО-9 | КМ 5 «Білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне қатыстыру» модулі бойынша кешенді емтихан | Ауызша емтихан | 25.06.2024 сағ. 09.00 | Комиссия төрағасы: 1. Абилова А.А. Комиссия мүшелері: 2. Кайрлиева А.Ж. 3. Хамидулина Ж.К. 4. Тулепова Г.Е. 5. Сарсенгалиева А.Б. Хатшы: Бексариева Ж.С. |
| **26** | 4сКШИ-9 | КМ 03 «Білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету» модулі бойынша кешенді емтихан | Автоматтанды рылған тестілеу | 25.06.2024 сағ. 09.00 | Комиссия төрағасы: 1. Комиссия мүшелері: 2. Кенжегалиева С.М. 3. 4. Кубаева Ж.Ж. 5. Сахипова Ж.М. Хатшы: Кабиева А.Т. |
| **27** | 3аКШО-11 | КМ 03 «Оқу ақпаратын тарату» модулі бойынша кешенді емтихан | Ауызша емтихан | 26.06.2024 сағ. 09.00 | Комиссия төрағасы: 1. Комиссия мүшелері: 2. Есенова Л.С. 3. Хайрушева Б.А. 4. Нурбайрова Б.Т. 5. Сапахова Г.М. Хатшы: Ғалымова Р.М. |
| **28** | 4аРДО-9 | ПМ 05 "Приобщение обучающихся к системе социальных ценностей" модулі бойынша кешенді емтихан | Устный экзамен | 26.06.2024 сағ. 09.00 | Комиссия төрағасы: 1. Абилова А.А. Комиссия мүшелері: 2. Кайрлиева А.Ж. 3. Хамидулина Ж.К. 4. Тулепова Г.Е. 5. Сарсенгалиева А.Б. Хатшы: Хамбетова А.М. |
| **29** | 4сКШФ-9 | КМ 04 «Педагогикалық үрдісті әдістемелік қамту жұмысын жүргізу» модулі бойынша кешенді емтихан | Автоматтанды рылған тестілеу | 26.06.2024 сағ. 09.00 | Комиссия төрағасы: 1. Комиссия мүшелері: 2. Мукашев М.С. 3. 4. 5. Даулетова В.А, Хатшы: Муратбекова А.А. |
| **30** | 4сРШИ-9 | ПМ 01 "Модулирование учебной информации" модулі бойынша кешенді емтихан | Устный экзамен | 26.06.2024 сағ. 09.00 | Комиссия төрағасы: 1. Комиссия мүшелері: 2. Кошанова З.А 3.Габдрахманова А.Қ. 4. Ғабдулкалиева Ж.Ғ. 5. Мухтарова Ш.Е. Хатшы: Дусалиева А.Р. |
| **31** | 4асКШТ-9 | КМ 04 «Оқу ақпаратын аудару, өз бетінше білім алу мүмкіндігі» модулі бойынша дипломдық жұмыс қорғау | дипломдық жұмыс қорғау | 27.06.2024 сағ. 09.00 | Комиссия төрағасы: 1. Комиссия мүшелері: 2. Мукашев М.С. 3. 4. 5. Жонкарбаева Ж.Ж., Хатшы: Сагатова Б.Д. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **32** | 3пКШФ-11 | КМ 04 «Педагогикалық үрдісті әдістемелік қамту жұмысын жүргізу» модулі бойынша кешенді емтихан | Автоматтандырылған тестілеу | 27.06.2024 сағ. 09.00 | Комиссия төрағасы: 1. Комиссия мүшелері: 2. Есенова Л.С.3. 4. 5. Даулетова В.А, Хатшы: Нурмуханов М.Ж. |
| **33** | 3апКШИ-11 | КМ 02 Оқу ақпаратын тарату және КМ 03 Білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз ету модулі бойынша кешенді емтихан | Ауызша емтихан | 27.06.2024 сағ. 09.00 | Комиссия төрағасы: 1. Комиссия мүшелері: 2. Кенжегалиева С.М. 3.Габдрахманова А.Қ. 4. Ғабдулкалиева Ж.Ғ. 5. Мухтарова Ш.Е. Хатшы: Жайманова Л.А. |
| **34** | 4асКШР-9 | ПМ 03 «Методическое обеспечение образовательного процесса» модулі бойынша кешенді емтихан | Автоматизированное тестирование | 27.06.2024 сағ. 09.00 | Комиссия төрағасы: 1. Комиссия мүшелері: 2. Кошанова З.А. 3. 4. 5. Сарсенгалиева А.БШагиева Н.Н. Хатшы: Бекбулатова А.С. |
| **35** | 3пКШО-11 | КМ 03 «Оқу ақпаратын тарату» модулі бойынша кешенді емтихан | Ауызша емтихан | 28.06.2024 сағ. 09.00 | Комиссия төрағасы: 1. Комиссия мүшелері: 2. Есенова Л.С. 3. Хайрушева Б.А. 4. Нурбайрова Б.Т. 5. Сапахова Г.М. Хатшы: Құраубай А.С. |

**4.Тыңдалды.** ***Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары.*** Жас мамандармен жұмыс өз нәтижесін беруде. Атап айтар болсақ, кешегі өткен жас мамандар сайысына қатысқан оқытушымыз Давлеткалиева Д.А. бірінші орынды иеленді. Әлі де жас мамандарымызға көмек беріп олардың педагогикалық шеберліктерін арттыру керек. Сабақтарына қатысып, әдістемелік қолдау көрсету керек.

**5. Тыңдалды:** WorldSkills Kazakhstan стандарттары бойынша демонстрациялық емтихан емтихан тапсырушылардың WorldSkills Kazakhstan стандарттарына сәйкес нақты өндірістік процестерді модельдеу жағдайында білім, дағды және практикалық дағдылар деңгейін анықтау үшін өткізіледі. Білім беру ұйымдарында білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру деңгейін бағалау үшін келесі нысандарда демонстрациялық емтихан өткізіледі: негізгі қызмет түрлеріне сәйкес келетін түлектердің жалпы және кәсіптік құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау және бағалау үшін ТжКБ білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттау рәсімі ретінде; ТжКБ білім беру бағдарламалары бойынша біліктілік емтиханы түріндегі аралық аттестаттау рәсімі ретіндебілім беру бағдарламасында көзделген кәсіптік модульдерді студенттердің меңгеру нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін анықтау және бағалау WorldSkills Kazakhstan стандарттары

бойынша демонстрациялық емтиханды кәсіпорындар қызметкерлерді дамытудың жеке жоспарларын дайындау үшін персоналдың құзыреттілік деңгейін анықтау, сондай-ақ персоналдың кәсіби даярлығының жалпы деңгейін арттыру мақсатында өткізе алады. WorldSkills Kazakhstan стандарттары бойынша демонстрациялық емтихан жұмыс берушілердің талаптарына, кәсіби стандарттарға немесе Оператор әзірлеген бағалау материалдарына сәйкес біліктілікті бағалау шеңберінде өткізілуі мүмкін.

**6.Тыңдалды.** ***Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары*** **Л.С.Есенова:** Аттестаттаудан өтетін оқытушылардың кәсіби даму деңгейін бақылау. 25 оқытушы санатқа өтініш бергендігін, соған байланысты тест тапсыратын оқытушыларға өз пәндерінен осы бастан дайындала беруін, портфолиолары талапқа сәйкес жасақтау, портфолио жасақтау да сауатты, көркем безендіру жақтарына болашақта ерекше мән беру керектігі жөнінде өз ойымен бөлісті.

**Қаулы етті:**

1.Мемлекеттік емтихан сұрақтары жасақталып бекітілсін. Дайындық жұмыстары жүргізілсін.

2.Оқытушылардың кәсіби өсу мониторингісі бойынша қанағаттанарлық дәрежеде деп танылсын.

3.Кредиттік-модульдік оқыту жүйесін енгізу жағдайындағы білім беру процесінің мазмұнындағы, бақылау және оқыту нәтижелерін бағалау құралдарындағы өзгерістер: аралық, қорытынды аттестаттау формалары мен әдістерін бекіту жұмыстары жалғастырылсын.

4.Жас мамандармен жұмыс өз жалғасын тапсын.

5.Демонстрациялық емтихан-кәсіби құзыреттілікті анықтау жолы жұмыстары жалғастырылсын.

6.Оқытушылардың портфолиосын талапқа сай көркемдеп безендіруге мән берілсін.